

# АЛМАТЫ

## Ардагері



alm\_obl\_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№15 (128) 3 сәуір 2026 жыл

### ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

## АҚ БАТА – БАБАЛАР ӨСИЕТНАМАСЫ



Алматы облыстық тілдерді дамыту басқармасының мәжіліс залында «Ауыл» партиясының бастамасымен ұйымдастырылған «Батамен ел көгерер» атты облыстық батагөйлер байқауы мәресіне жетіп, марапаттау рәсімі өтті.

Ақ бата - шынайы көңілден шыққан жүрек сөзі, арнау тілек. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата-бабамыздың өсиетнамасы ағайынның бір-біріне деген мейірім-шапағатын, сүйіспеншілігін білдіру, үлкен-кішінің жолын ашу, келешекте жүзеге асырылатын мақсат-мүдделерді белгілеу болып табылады. Қазақ халқының рухани құндылықтарының бірі - бата дәстүрін дамыту және оның қоғамдағы тәрбиелік маңызын арттыру мақсатында өткен байқауды қорытындылауға арналған салтанатты жиында алғашқы сөз «Ауыл» партиясының өңірлік аппарат басшысы, облыстық мәслихат депутаты Қанат Бектеев берілді.

Бұл - тек байқау ғана емес, ұлт руханиятын ұлықтайтын, ата-баба аманатын жаңғыртатын маңызды рухани алаң. Бата беру дәстүрі - халқымыздың рухани қазынасының ажырамас бөлігі. Ақ тілек, ізгі ниет, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан өнеге мен тәрбиенің қайнар көзі. 2023 жылдан бастау алған бұл жоба ұлттық дәстүрді жаңғыртудың жарқын үлгісіне айналды. Міне, содан бері төртінші жыл жас буынның бойларына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрін нығай-

туға бағытталған байқау еліміздің өңірінде өтіп, халықтың зор қолдауына ие болып келеді.

2024 жылы облыстық кезең жеңімпазы Бақытжан Атагелдиев республикалық байқауда 1 орынды иеленіп, облыс мерейін үстем етсе, 2025 жылы ол көрермен көзайымы атанып, партия атынан «Манкент» шипажайына жолдама жеңіп алды. Бұл біздің өңірдегі батагөй азаматтардың деңгейі жоғары екенін айқын көрсетеді, - деді Қанат Ботайұлы.

Келесі кезекте қазылар алқасының төрағасы, ақын Ізтілеу Тойшыбайұлы сөз алып, әрбір қатысушының өз өнерін, талантын мен еңбегін барынша көрсете білгенін және оларға кәсіби тұрғыдан баға беріліп, үздіктер іріктелгенін айта келе, байқау жеңімпаздарын таныстырды.

Қазылар алқасының шешімімен Талғар ауданы атынан қатысқан Жанар Құрманғалиева 1-орынды жеңіп алды. 2-орынды Қонаев қаласының намысын қорғаған Берік Байлов иеленсе, жүлделі 3-орынды Райымбек ауданының қатысушысы Көпірәлі Әлгожа еншіледі. Сонымен қатар байқауға белсенді қатысқаны үшін Еңбекшіқазақ ауданының өкілі Асқар Тыныбеков пен Қонаев қаласына қа-

расты Шенгелді ауылының тұрғыны Қартбаба Момбеков ынталандыру сыйлығына ие болды. Бірінші орынға 100 мың, екінші орынға 70 мың, үшінші орынға 50 000 теңге және ынталандыруға ақшалай сыйлық пен түрлі дәрежедегі дипломдар табысталды.

«Ауыл» партиясы Қонаев қалалық филиалының төрағасы Базарбай Оралбаев пен осы партияның белсенді мүшесі, облыстық мәслихаттың депутаты Жанат Алтынғадас «Батагөйлер-2026» байқауының облыстық өңірлік кезеңінің жеңімпаздарын құттықтай келе, бабаларымыз «Батамен ер көгерер, жаңбырмен жер көгерер» дегенді текке айтпаған. Ақ батаның құдіретті күшін, сауапты ісін бағалай отырып, данагөй жұртымыз өзінің даму, жетілу жолында оны жоғары тәрбиелік маңызы үлкен әлеуметтік деңгейге көтерді, бетке ұстар шамшырақ ретінде пайдаланды. Ақ бата - жақсы ой, ізгі ниет, ыстық ықылас, шынайы тілек, барлық наным-сенімнің бірлігі. Бата - адам баласын ізгілікке, бақытқа, баянды болашаққа және арман-мұратқа жету жолына бастайтын терең де тәрбиелі ұғым. Жақсы дәстүр жалғасын тапса рухани байлыққа одан сайын кенеле түсеміз» деп байқау жүлдегерлеріне тілектестігін білдірді.

Заңғар АЛТАЙ.  
Қонаев қаласы.

### «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

## 20 МЫҢ АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ



Өткен аптадағы сенбілікте Қонаев қаласында ағаш отырғызу бойынша ақымды акция бастау алды. Облыс орталығындағы 300-ден астам адам қатысқан игі шара Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаевтың ақ батасымен басталды.

Өз кезегінде сөз алған облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы: «Бүгінгі шараға жиналған қауымның бірлігі мен белсенділігі – ел болашағына деген ортақ жауапкершіліктің және жоғары азаматтық ұстанымның айқын дәлелі. Табиғатты қорғау, әрбір отырғызылған ағаш – болашаққа қалды-

рылған аманат, мұның тек ағаш отырғызу күні ғана емес, туған жерге деген сүйіспеншіліктің, елге деген жанашырлықтың және келер ұрпақ алдындағы азаматтық парызымыздың жарқын көрінісі» деп, көпшілікті осы игі іске белсене атсалысып, туған жердің гүлденуіне үлес қосуға шақырды.

Қонаев қаласының Сәкен Сейфуллин көшесіне қарағай мен көктерек көшеттерін отырғызу шарасына қала әкімі Асхат Бердіханов, әкімдік, департаменттер мен басқармалар қызметкерлері, облыстық мәслихат депутаттары, Қазақстан Халық Ассамблеясының өкілдері, еңбек ардагерлері, үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық кеңес мүшелері, жастар, еріктілер бір кісідей атсалысты.

Сенбілікке қатысушылар табиғатты қорғау – әрбір азаматтың ортақ міндеті екенін атап өтіп, мұндай игі бастамалардың тұрақты түрде ұйымдастырылуының маңыздылығына тоқталды.

Акция бойынша қалада 20 000 ағаш отырғызу жоспарлануда. Соның ішінде «Көшпенділер қалашығы» аймағына 3 мың түп тал егіледі.

Өз тілшіміз.  
Қонаев қаласы.

### АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

#### КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАЛЫП ӨТТІ

Райымбек ауылдық округінде Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы ұлттық дәстүр мен жаңару рухын ұштастырған мазмұнды мереке ретінде кең көлемде және жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шаралар халықтың бірлігін нығайтуға, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға және жас ұрпаққа тағылымды тәрбие беруге бағытталды.

Салтанатты шара барысында Райымбек спорт клубының жаттықтырушылары саптық шеру ұйымдастырып, өздерінің жоғары деңгейдегі кәсіби даярлықтарын көрсетті. Сонымен қатар, округ әкімі Ержас Тоқтасынов Азия чемпионатында жүлделі орындарға ие болған Жаншиликов Дамир, Еркемұлы Жақсылық және Исаева Үміт секілді спортшыларды округ демеушілерінің қолдауымен 100 000 теңгелік сертификаттармен марапаттады. Бұл – ел намысын қорғаған азаматтарға көрсетілген лайықты құрметтің айқын көрінісі.

Мереке аясында қазақ халқының сан ғасырлық салт-дәстүрлері кеңінен насихатталды. Атап айтқанда, қыз ұзату, тұсаукесер, көрісу



және бата беру дәстүрлері сахналанып, олардың тәрбиелік мәні мен ұлттық болмыстағы орны көрермен қауымға әсерлі түрде жеткізілді. Ұлттық спорт түрлерінен өткен жарыстар да мерекенің көркін қыздырды. Арқан тарту, асық ату, қол күресі және гир тасын көтеру сияқты сайыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Мереке барысында округтегі алты көпбалалы ана «Күміс алқа» иегері атанып, салтанатты түрде марапатталды. Бұл – аналар еңбегіне деген ерекше құрметтің белгісі. Сондай-ақ, мерекелік концерттік бағдарлама ұсынылып, өнерпаздар ұлттық ән мен күйден шашу шашты. Балаларға арналған ойын аландары жұмыс істеп, тұрғындарға ыстық бауырсақ пен дәстүрлі наурыз көже ұсынылды.

Райымбек ауылдық округінде өткен Наурыз мейрамы мазмұны терең, тағылымы мол, жоғары деңгейде ұйымдастырылған тағылымды шара ретінде ел жадында қалды. Бұл мереке ұлттық құндылықтарды дәріптеумен қатар, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтуға зор үлес қосты.

Өз тілшімізден.

#### АШЫБҰЛАҚТАҒЫ ҰЛЫ МЕРЕКЕ

Еңбекшіқазақ ауданы Қазақстан ауылдық округінің әкімі Саят Әлдибековтың ұйымдастыруымен, әкім аппаратының қолдауымен Ж. Қайыпов, Қазақстан, Ащыбұлақ ауылдары бірауыздан наурыз мерекесін Ащыбұлақ ауылында өткізуді ұйғарды. Қазақстан округіндегі үш орта мектептің директорлары бастаған ұстаздар қауымы, ауыл ақсақалдары мен үш елді мекеннің тұрғындары да Наурыз мерекесін қарсы алуға белсене қатысты.

Басқа жаққа қоныс аударған, қызмет бабымен жүрген туған-туыс, мектеп бітірген түлектер келіп, бір-бірімен көрісіп тамаша кездесу-жиын болды. Ащыбұлақ ауылындағы орталық саябақта салтанатты жиын өтті. Бағдарлама бойынша бірінші сөз алған әкім, қоғам белсенділері, ауыл ақсақалдары мен әйелдер кеңесінің төрайымы, жастар да жүрек жарды жақсы тілек сөздерін айтып, қатысқандарды бір серпілтті.

Салтанатты жиынға арналған ән айтылып, күмбірлеген күй тартылып, ел-жұртқа тамаша көңіл күй сыйлады. 8 киіз үйі тігіліп, қазақтың ою-өрнегі жарасқан киімдерін киген ауыл ақсақалдары бастаған үш ауылдың тұрғындары мен оқушы жастар көктемнің шуақты күнімен бірге мерекені жақсы қарсы алды. 1988 жылдан бастап тойлана бастаған қазақтың жылына бір айналып келетін наурыз мерекесіне ақсақалдар бата берді. 8 үйде қонақтарға ақ дастарқан жайылып, наурыз көже таратылды. Үш ауылдың тұрғындары мен ұстаздар, оқушылар Ащыбұлақтағы орталық саябақта кездесіп, бір серпіліп, ортақ әңгімелерін айтып, мәре-сәре болды. Түстен кейін ауылдағы спортпен айналысатын белсенді жастар арқан тарту, күрес, гир көтеру, асық ату, тағы басқа спорт жарыстарын жалғастырды. Округ әкімі бастаған ауыл ақсақалдары жеңімпаздарды бағалы сыйлықтармен, «Алғыс хаттармен» марапаттады.

Әсет АЛЖАНБАЙ,  
ардагер ұстаз.



● АЗАМАТ ТУРАЛЫ АЗДАҒАН СӨЗ

# ЕЛІНЕ СЫЙЛЫ ЖАН

Ауылда бірге өскен Дәулет Дәменұлы Нұрманов бауырымды жақсы білемін. Ол 1962 жылы Ақтам ауылында қарапайым колхозшы семьясында дүниеге келген болатын. Отбасында үш қыз, екі ұл 5 бала тәрбиеленген.

1980 жылы Ақтам орта мектебінің 10-шы сыныбын бітірді. Мектеп бітіргеннен кейін Тельман атындағы колхозда жұмыс істеді. 1981-1983 жылдар аралығында Отан алдындағы борышын Германияда абыроймен атқарып, ауылға оралды. Әскерден келген соң Ақтам ауылында еңбекке қайта араласты.

1984 жылы Алматы қаласындағы Еңбек Қызыл Ту орденді ауылшаруашылық институтының агрономия факультетіне оқуға түсіп, өз мамандығы бойынша диплом алды. Алған мамандығымен туған ауылына келіп, Тельман атындағы колхозға аға агроном, бас агроном болып 1998 жылға дейін еңбек етеді. Колхоз тараған осы жылдан кейін 25 отбасы бірігіп, ұжымшар құрып, 1998-2003 жылдар аралығында «Серіктес» өндірістік кооперативінің төрағасы болып жұмыс істеді. 2003 жылы «Тасқын» шаруа қожалығын құрып, 2007 жылға дейін қожалық төрағасы болып еңбек етті. 2007-2008 жылдары Алматы қаласында құрылыс компаниясында күзетші, ал 2008-2012 жылдар аралығында Алматы қаласындағы көгалдандыру мекемесінде мастер-бригадир қызметтерін атқарады. 2013 жылдан бері Ақтам ауылдық округінде бас маман болып қызмет атқарып келеді.

Дәулет Нұрманов қай жерде болмасын жұмысын жақсы, жауапкершілікпен атқарды. Өз ауылында жұмыс істеген кезде ауылдың көшелері асфальттанғып, ауылға су құбыры кіргізіліп, ауыл тұрғындары таза ауыз сумен қамтамасыз етілуіне ықпал етті. Көшелерге жарық қойылып, әкімшіліктің жаңа ғимараты, екі стадион, балалар алаңы салынды. Ұлы Отан соғысы ардагер-



леріне орнатылған ескерткіш жөнделіп, жарық шамдары орнатылды. Ауылдағы тіршілікке белсене араласып, ауылдың көркеюіне өз үлесін қосты. Еңбекқор маман елмен тығыз қарым-қатынаста болып, мәдени іс-шаралар өткізді.

Дәулет Нұрманов-талапшыл еңбекқор жігіт. Әр кез туған ауылының ішкі мәселелерінің дер кезінде шешілуін басты назарда ұстайды. Биыл Дәулет Нұрманов зейнет жасына келіп, құрметті зейнеткер атанды. Жақында ауыл әкімі Айдар Көжекбаев Дәулетті зейнет жасына толуымен аудан әкімінің Құрмет грамотасымен құттықтап, иығына шапан жауып, сый - сияпат көрсетті. Дәулет зайыбы екеуі-өмірге 1 ұл мен 2 қыз әкеліп, олардың жоғары білім алуларына жағдай жасаған жандар. Бүгінгі күнде ұлы-заңгер. Бір қызы дәрігер болса, екіншісі колледжде мұғалім болып жұмыс істейді. Бақытты отбасы. Дәулетке мықты денсаулық, ұзақ өмір тілейміз.

**Әбіш КӨЖЕКБАЕВ,**  
**Ақтам ауылдық кеңестің мүшесі,**  
**зейнеткер ұстаз.**  
Ұйғыр ауданы.

● ЭТНОКӨРМЕ



Сарыбастау ауылдық мәдениет үйінде «Дәстүр сәні – қазақы нақыш» атты этнокөрме ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақ халқының бай мұрасын насихаттау және жас ұрпақты салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрмеге қазақтың ұлттық бұйымдары, қолөнер туындылары, зергерлік әшекейлер мен тұрмыстық заттар қойылды. Сонымен қатар, ұлттық киім үлгілері танысты-

рылып, олардың ерекшелігі мен маңызы туралы кенінен мәлімет берілді.

Көрме барысында келушілер қазақы ою-өрнектердің терең мағынасына қанығып, ата-бабадан қалған асыл мұрамен жақынырақ танысты.

Аталған шара ұлттық рухты жаңғыртуға, мәдени мұраны сақтауға және насихаттауға өз үлесін қосты.

**Өз тілшімізден.**  
Райымбек ауданы

● ҚОНЫС ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

## Жаңа шаңырақ – жарқын болашақтың бастауы

Көктемнің шуақты күндерімен бірге Кеген ауылында көптен күткен қуанышты сәт орын алды. Аудан орталығында жаңадан салынған тұрғын үйлердің кілтін табыстау рәсімі өтіп, бірнеше отбасының арманы ақиқатқа айналды. Бұл игі шара аудан тұрғындары үшін ғана емес, бүкіл өңір үшін маңызы зор, тарихи мәні бар қуанышты күндердің бірі болды.

Салтанатты шараға аудан басшылығы, ардагерлер, қоғам белсенділері мен ауыл тұрғындары қатысып, жаңа қоныс иелерінің қуанышына ортақтасты. Баспана – әр отбасының ең асыл арманы, ең үлкен бақыты. Сол арманның орындалған сәтіне куә болған тұрғындардың жүзінен қуаныш пен ризашылық айқын сезілді. Мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік бағдарламалардың нәтижесінде салынған жаңа үйлер бүгінде өз иелерін тауып, талай шаңыраққа шаттық сыйлады.

Шара барысында Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Молдахметұлы құттықтау сөз сөйлеп, тұрғындарды қуаныштарымен құттықтады. Өз сөзінде ол мемлекетіміздің әлеуметтік саясаты халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталғанын атап өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауларында халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету мемлекеттік саясатын басты басымдықтарының бірі екенін әрдайым айтып келеді. Бүгінгі игі бастама – сол тапсырмалардың жергілікті жерде нақты іске асып жатқандығының айқын дәлелі, – деді аудан әкімі.

Аудан басшысының айтуынша, Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен Кеген ауданында әлеуметтік осал топтағы азаматтар мен тұрғын үй кезегінде тұрған отбасыларды баспанамен қамту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Соның нәтижесінде соңғы алты жыл ішінде аудан бойынша 101 тұрғын үй пайдалануға берілген. Ал бүгінгі күні тағы да бірнеше отбасы жаңа қоныстың кілтін алып, қуанышқа кенелді. Бұл үйлер қонбалалы отбасылар мен әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарға арналған. Мемлекеттің халыққа деген қамқорлығының айқын көрінісі болып табылатын бұл игі іс-ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

**Өз тілшімізден.**  
Кеген ауданы

● КӘСІБІҢ-НӘСІБІҢ

# Талпынған жетер мұратқа

Болатын балаға Құдырет несі о баста қайсарлығын қылыш етер ерекше қасиет беріп қояды екен. Осы жолдардың авторы менің көзім соған әлденеше рет жеткендей. Менің бүгінгі әңгімем Талғар ауданының Тұздыбастау елді мекенінде жеке кәсіпкерлікті өміріне серік етіп, халыққа қызмет көрсетіп келе жатқан жан туралы болмақ. Есімі-Хамза Тоқтарбайұлы, тегі-Жақжұлы. Хантәңірі атанған аспантаудың етегіндегі Жылысай деген шағын ауылдың тумасы.

Қытайлар дұшпанын қарғағанда «аумалы-төкпелі заман басыннан өтсін» дейтін көрінеді. Сол аумалы-төкпелі заманды қазақ елі кеше ғана басынан өткізді. Бұрынғыдай «Үкімет өлтірмейді» деген заман келмеске кетіп, әркім өз күнін өзі көретін кезеңге тап болды. «Әйел затын қырық жанды» дейміз. Расында, осы қысылтаяң кезде нәзік жандылар бар ауыртпалықты иығына артып, ала дорбаларын көтеріп, бала-шағасын асырау үшін тапқан жағалап кетті. Еңбектің көзін баппандар пайданың өзін тауып жатса, өзін қоярға жер таппандардың бар арман-мақсат-мүдделері бір стакан арақтың түбіне батып, ескексіз қайықтың күйін кешіп кеткені де жасырын емес. Содан бері өткен уақыт елдің есін жиғызып, «ажал Құдайдан болса да, тамақ енді байдан болмайтынын ескерткендей», заманға кәсіпкерлік көзқараспен қарауды үйреткен секілді.

Менің кейіпкерім кейінгі толқынның өкілі болса да соны бала көзбен көріп өскен тәрізді. Өмірден өз орнын табудың төте жолын тапқан тәрізді. Оны оқу оқып, көз майын тауысудан емес, еңбектің ортасынан іздеген сияқты. Оған себеп болған дүние жетінші сыныптан бастап саудаға жақын болғандығы болса керек.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары ескексіз қайықтай болған халықтың жұмыс іздеп, жылы ұясын тастап, даладан қалаға миграциялық көші-қон жасағаны анық. Өзгелер секілді Хамзаның әке-шешесі де 1993 жылы Жылысайдан Тұздыбастауға осы мақсатпен қоныс аударған еді. Жылысайдан келген екен деп кім құшақ жайып, қарсы алып тұрды дейсіз?! Пәтер жағалап, кісі есігінде тұрған күндердің де болғаны рас. Әкесі Тоқтарбай бұрын құрылыс саласының маманы болса, анасы алты баланы аналық мейіріммен жеткізем деп жүрген үй шаруашылығындағы кісі болғаны анық. Ол кезде Хамза-Алматыдағы Саяхат бекеті түбіндегі Сүйінбай Аронұлы атындағы орта мектепте оқитын он төрт жастағы оқушы бала. Алла болатын балаға ерекше бір сана береді ғой. Үйдегі тұрмыс жағдайының жоқтығын көзбен көрген соң, әке-шешесіне ауыртпалық түсірмейін деген ой әсер етті ме екен, алғашында түске дейін мектепке барып келген бала түстен кейін Талғар жолының бойындағы май құю стансасының түбінде май сатумен айналыса бастады. Жеткіншек бала сол жолдың бойында қанша ақша тапты дейсіз?! Алайда, мәселе оның адамның бағы ашылуының кілті еңбекте екенін дұрыс түсініп, қа-



былдауында жатқаны маңызды еді. Отызға келгенше отыз түйір ақыл жинамай, шолжаң өскен еркелердің қасында ерте есейіп, өмірге басқаша көзқараспен қарауының өзі он төрт жастағы бала үшін өте маңызды еді. Бала жүрегінің еңбекке баули басталған алғашқы қадамы осы жолдың бойында қалыптасса керек.

Сөйтіп жүріп оқушылық өмір де артта қалды. Жасыратыны жоқ, мектеп бітірген соң елдің балалары секілді жоғары оқу орнына баруға жағдай көтермегені тағы анық. Амаз жоқ, еңбекке араласуға тура келді. Подшипник деген дүние бар. Қозғалыстың бәрі темір-терсектің осы түрі арқылы жүзеге асады. Тастақ базарында Хамза осы дүниені сатумен айналыса бастады. Бұл кәсіпті серік еткеніне жиырма жыл ғұмыры кеткен екен. Осы жұмыста жүріп қор жинаған соң темір-терсекті қойып, таза сауда жағына ауысуды дұрыс тауып, аула ішінен шағын дүкен ашуға мүмкіндік туды. Арада өткен төрт жыл бұл кәсіптің де дәмін татқызды.

Уақыт бір орнында тұрған ба?! Жаңадан ашылған Жетісу базары оған ой тастап, қайтадан темір-терсек сатумен айналысуды өзіне тартқандай болған. Сол кәсіпті тағы жанына серік етті. Сол жерде жүрген уақыттары Қарасу деген жерде «Керемет» деген монша халыққа қызмет ете бастаған болатын. Хам-

за да сол моншаға жиі баратын еді. Керемет десе, аты айтып тұрғандай, керемет монша болғаны соншалық, біреулер оны жәй ғана монша деп қабылдаса, Хамза оны пайда табудың, бизнестің көзі деп қабылдап, ендігі бар ойы, арман-мақсаты өз ауылында осындай монша салудың төңірегінде болғаны да жасырын емес. Расында ол кезде Тұздыбастауда жөні түзу монша болмағаны да анық еді.

Ой келді. Оны жүзеге асыру армандаумен шектелмейді. Қаржы керек. Оны қайдан алыс?! Базардағы орнын, ондағы темір-терсекімен сатуға тура келді. Оның да азық еткені рас еді. Үйдің құжаты кепілдікке қойылды. Кейін ол үй сатылып, алты баласымен екі жылдай пәтер жалдап тұруының өзі көзсіз батырлық еді. Одан түскен қаражат та аз болды. Есіктің алдындағы дүкен де моншаның құрбаны болып, сатылып кетті. Ол аздай астындағы машинасы да сатылды. Тіпті басқа тартқан көрпе аяққа жетпей, аяққа тартқан көрпе басқа жетпегендей болған соң амал жоқ, «Арон» деген металл сатумен айналысатын компаниямен келісімшарт жасасып, 30 миллионға темір алуына тура келген. Сол алынған темірді қайта сатып, содан түскен қаржы моншаның тағдырын шешкен секілді. 2022 жылы осы моншаның әу бастағы құрылысы басталды. Бір жыл ішінде ол жұмыс өз нәтижесін беріп, ауыл жұртшылығы оның қызметін көре бастады.

Енесі жақсы болғаны ер азаматқа Алланың берген сыйы деп қабылдағанымыз дұрыс шығар. Хамзаны ене деп аталатын екінші анасының да адамгершілік қадамын айтпаса болмас. Өзі тұрып жатқан үйін 20 миллионға сатып, жұмысы жүрсін деп, сол ақшаны күйеу баласының қолына санап беруі адамға, бірін бірі сатып кетіп жатқан нарық заманында ерлікке пара пар еді. Татулығы жарасқан азамат тәуекелге бел бұған енесімен бірге үш жыл жалдамалы пәтерде тұрғаны да-айтар ауызға жарасымды-ақ дүние. «Таудан да, тастан да жаңғырық шығады» деген сөз бар. «Сыйға сый, сыраға бал» дегендей, күйеу баладан шыққан жаңғырық сол, енесіне көп қабатты үйден екі бөлмелі пәтер сатып алып бер-

гені де оның тектілігін, адалдығын аңғартса керек.

Жағдай түзелген соң жер алып, ол жерге үй салудың реті де келген еді. Сол монша игілікке жарап, оның құжаттарын кепілдікке қойып, банктен тағы да несие алудың мүмкіндігі туды. Ол қаржы халықтың сұраныс-өтінішіне орай тағы бір монша салуға жұмсалды. Қазір екі монша да халыққа өз қызметін жасап жатқан жайы бар. Он бес шақты адамға жұмыс орны ашылып, онда істейтін жандар да өз напақасын осы моншадан алып отыр. Қазір осы екі монша жұмыстарының басы-қасында туған ағасының сыныптасы, бауыры болып кеткен Айдос Дәулетбақов пен өзімен тай құлындай бірге өскен бауыры Асқар Әміров деген азаматтар жүр.

Арман деген дүниенің таусылмасы анық. Ол арман Хамзада да бар көрінеді. Ол арманға үміт отын жаққан Қытайға сапары болса керек. Ол жерде екі мың адамға лайықты монша халыққа қызмет көрсетеді екен. Арманның орындалуы тағы да қаржыға тірелетіні анық. Несиесіз шығып кететін қазіргі моншасы емес, аумағы екі гектар жерді алатын үлкен монша салу инвесторсыз жүзеге аспайтыны-ақиқат. Қазір Хамза осы арманның жетегінде жүргені анық. Ол үшін Қытай Халық Республикасына баруды жоспарлап отыр. Инвесторды сол жақтан іздемек. Оған өзі жасаған бизнес-жоспары дайын, қолында.

Бұл-енді ертеңгі күнін армандаған оның келешекке көз тіккені. Ал бүгінде Тұздыбастау ауылында халыққа тазалық қызметін көрсетіп жатқан Хамза Тоқтарбайұлы ауылдастарының ризашылығын естіп, батасын алып жатқаны анық. Оның бүгінгі тірлігінен, ертеңгі күнге деген үмітінен жатқан тасты қозғап, оның астынан жұрмеген суды жүргізіп, халыққа қайтсем қызмет көрсетем деп жатқан жанның талпынысын байқауға болады. Талпынған адамның мұратына жетпей қоймайтыны рас болса, Хамзаның арманы орындалар күн де туарына адам ретінде сенгің келеді. Ылайым солай болып, талпынған жан мұратына жетсін. Біздің тілек-өсі.

**СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.**  
Тұздыбастау ауылы.  
Талғар ауданы



# ВETERАН МЕДИЦИНСКОЙ СЛУЖБЫ.

## Настоящий полковник!

В войсковой части 64192 г. Қонаев (База хранения медицинского имущества и техники) проведены торжественные мероприятия, посвященные юбилею ветерана ВС РК и ветерана военной медицины, полковника медицинской службы в отставке М.К Картекова. Недавно ему исполнилось 80 лет и более 30 из них он прослужил в рядах Советской армии, а затем в армии независимого Казахстана. Он внес весомый вклад в историю войсковой части 64192, а также в становление и развитие медицинской службы ВС РК и, в частности, в организацию снабжения войсковых частей и военно-медицинских частей и учреждений медицинским имуществом и техникой.

Он родился 23 февраля 1946 г. в совхозе имени XXII Партсъезда Алғабасского района Шымкентской области (в настоящее время аул Боралдай Байдибекского района Туркестанской области) в семье рабочего. Отца своего не помнит. Отчим Картек и мать Дильдакуль работали сельскохозяйственными рабочими в совхозе. В семье было три брата и сестра. В 1954 г. пошел в первый класс местной средней школы. В 1965 г. окончил школу, сразу не поступил в вуз. Работал в совхозе радиомонтером. В 1966 г. поступил в Алматинский государственный медицинский институт г. Алматы (в настоящее время КазНМУ им. С.Асфендиярова).

В 1971 г. был призван в ряды Советской армии, воинскую службу начинал в КСАВО на армейском медицинском складе г. Аягоз помощником начальника отдела хранения.

В 1972 г. переведен в г. Капшагай в войсковую часть 64192 (Окружной медицинский склад) начальником отдела хранения. 1977 г. окончил курсы в Военно-медицинской Академии им. С.М.Кирова в г. Ленинграде (ныне г. Санкт-Петербург). До 1982 г. руководил отделами войсковой части 64192.

С 1982 по 1991 гг. был в распоряжении командующих войсками ГСВГ (Группа советских войск в Германии), Приволжского и Туркестанского военных округов, возглавлял медицинские склады, медицинское депо военного госпиталя.

Затем настал период службы в

в настоящее время проходит службу по контракту в войсковой части 64192.

После открытия торжественного собрания и читки краткой биографии ветерана слово взял командир войсковой части 64192 полковник медицинской службы Абенев Оралхан. Он поприветствовал собравшихся ветеранов и гостей части, поздравил старшего коллегу с юбилейной датой, выразил ему наилучшие пожелания от всего личного состава и от себя лично. Он также отметил неоценимый вклад юбиляра в становление и развитие медицинской службы и военно-медицинского снабжения казахстанской армии. Ветераны и гости были ознакомлены с проводимой работой по сохранению традиций старшего поколения военно-медицинских снабженцев, продолжателями которых являются представители нынешнего поколения. Военнослужащие и служащие гордятся славной историей части, добросовестно исполняют свой воинский и профессиональный долг.

В дар акасаку от командования и личного состава части были преподнесены предметы казахской национальной одежды - праздничный шапан (халат-чапан) и бөрік (головной убор).

Юбиляра поздравил председатель ОО «Ветераны военной медицины» полковник медицинской службы в отставке Окапов Найман Кабыкенович:

- Сегодня чествуем моего соратника, с которым мы вместе прак-

сателя филиала РОО «Ветераны ВС РК» по Алматинской области полковника запаса Акбалиева Батырхана. Он отметил многолетнюю безупречную службу юбиляра в Вооруженных Силах, его значимый вклад в становление и развитие казахстанской армии, проводимую им на пенсии военно-патриотическую работу с молодежью, школьниками и студентами нашего города.

Выступающий зачитал грамоту со словами поздравления и благодарности от председателя РОО «Ветераны ВС РК» генерала армии Алтынбаева Мухтара Капашевича и торжественно вручил ее юбиляру.

С приветственным словом выступил полковник в отставке Аюкоян Тигран Варосович, которого с ветераном связывает давняя дружба:

- Я не в медицине служил, но мы коллеги по воинской службе. Юбиляра знаю очень давно, с того времени, как он пришел сюда в качестве командира части. По сути, он первый ее командир в независимом Казахстане. Я скажу, что Капшагайский (в настоящее время Қонаевский) гарнизон - это уникальный, один из самых сильных, мощных и уважаемых гарнизонов в ВС РК. И до этого в КСАВО и затем, когда объединились с ТуркВО. Уникальность заключается в том, что, во-первых, здесь было больше 13 различных воинских частей. Мы здесь жили очень дружно, поддерживали во всем друг друга. В некоторых воинских коллективах бывают ситуации, когда они соревнуются, завидуют друг другу - у нас

казарменно-бытовых помещений. На энтузиазме командования и воинского коллектива из маленькой воинской части она превратилась в одну из лучших в системе военной медицины казахстанской армии, кузницей кадров военно-медицинского снабжения.

Хочу отметить еще одну черту характера этого человека, проявившуюся в период, когда у нас была учебно-медицинская рота, где обучались санитарные инструкторы из числа военнослужащих срочной службы. Для солдат он был строгим, но справедливым командиром и заботливым отцом. Вникал во все вопросы их службы и быта, беспокоился, сыты и одеты ли они.

Он всегда интересовался, какой настрой на службу был у каждого отдельного военнослужащего и делал все, чтобы морально-психологический климат в воинском коллективе был здоровым. Делился советами, служебным и жизненным опытом, оказывал практическую помощь. Я на себе ощутил его отцовское заботливое отношение.

В 90-е годы прошлого века, на заре независимости Казахстана, когда у нас не было своих нормативных документов по медицинскому снабжению войск, он организовывал их разработку и принимал самое активное участие в данной работе.

В 90-е годы прошлого века, на заре независимости Казахстана, когда у нас не было своих нормативных документов по медицинскому снабжению войск, он организовывал их разработку и принимал самое активное участие в данной работе.

Он является одним из первых моих учителей. А таких благодарных учеников у него очень много.

Выступающий преподнес юбиляру оформленные в казахском национальном стиле шахматы - подарок от ветеранов части.

Подполковник медицинской службы запаса Мынбаев Бауыржан отметил, что Мухтар Картекович человек-легенда, внесший весомый вклад в становление и развитие военной медицины казахстанской армии. Каждый день его службы, его уважаемый возраст и каждый день пенсионной жизни для нас является примером.

Выступающий отметил, что после окончания Томского военно-медицинского факультета казахстанские курсанты-снабженцы, в том числе и он, стремились попасть служить на Капшагайский медицинский склад, который был эталоном в системе военно-медицинского снабжения. Данный склад на тот момент был построен в соответствии с современными технологиями и требованиями.

Однако сам он сначала служил начальником медснабжения танковой дивизии в Актогае, а потом продолжил службу в Капшагае.

Мухтар Картекович всегда был для него наставником, а его пример помогал во всей дальнейшей служебной деятельности.



Выступающий отметил значение личного примера ветерана для всех последующих поколений военно-медицинских снабженцев казахстанской армии.

Полковник медицинской службы запаса Рысбаев Таалайбек:

Когда я пришел служить молодым лейтенантом - начальником медицинского снабжения в 35-ю ОДШБр г. Капшагай, то не имел профессионального опыта. Все специалисты были врачи, и я обращался за консультативной помощью к акасаку, который был на тот момент главным военным провизором в нашем гарнизоне. Он делился со мной своим богатым опытом. И я в своей службе использовал на учениях его мудрые советы, как хранить и сохранять медицинское имущество на этапах развертывания, организации работы и свертывания аптеки и медицинского склада в полевых условиях.

Далее выступил бывший начальник штаба войсковой части 64192 полковник медицинской службы в отставке Ибрагимов Талгат. Он поздравил своего первого командира и наставника с юбилеем, отметил его заслуги и поблагодарил за проявленные чуткость и заботу в период службы под его началом.

Выступая с ответным словом, юбиляр поблагодарил командование, личный состав части, ветеранов за теплые слова в свой адрес и поздравления. Отметил проводимую работу по сохранению истории части. Он высказался о важности и значении воинской службы для государства и общества, о любви к своей Родине и казахстанском патриотизме, священной обязанности и готовности каждого гражданина Казахстана к защите его суверенитета и территориальной целостности.

Далее присутствующим был продемонстрирован видеоролик, подготовленный личным составом части по фотографиям из семейного архива Картековых.

Представители художественной самодеятельности части выступили с музыкальными номерами.

Никого не оставил равнодушным вальс в исполнении самого юбиляра - настоящего полковника и его партнерши, полный достоинства и теплоты.

Далее было организовано посещение музея истории части и ее территории, памятное фотографирование. Ветераны общались с личным составом, рассматривали стенды с фотографиями и экспонатами по истории Базы хранения, вспоминая годы службы.

**Когда верстался номер:**

Недавно за заслуги перед страной и обществом Картеков Мухтар Картекович удостоен звания «Почетный ветеран Алматинской области».

В торжественной обстановке на юбилейном мероприятии заместитель руководителя Алматинского областного филиала РОО «Организация ветеранов» Ильяс Сугуров и председатель совета ветеранов г. Қонаев Базарбай Оралбаев вручили Мухтару Картековичу (см. снимок) медаль «ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ» за подписью председателя областной ветеранской организации Ерболата Турумбетова.

**Станислав ФЕДОРОВ,**  
подполковник медицинской службы запаса, ветеран ВС РК  
г. Қонаев.



Казахстане, в качестве руководителя по медицинскому снабжению в структурах Министерства обороны. В частности, Картеков, после Шымкента направляется в поселок Самен Алматинской области заместителем, а затем начальником медицинского депо, далее заместителем начальника Центрального военного клинического госпиталя г. Алматы. Отсюда он уходит на повышение на должность главного провизора МО РК в г. Астана. Последнее его место службы - начальник Центрального медицинского склада г. Капшагай.

За свою многолетнюю безупречную воинскую службу ветеран ВС РК и ветеран военной медицины неоднократно поощрялся вышестоящим командованием, награжден ведомственными медалями.

После выхода на пенсию по выслуге лет Мухтар Картекович не остался сидеть дома. Работал начальником водно-спасательной службы, руководил водно-спасательной станцией МЧС по г. Капшагай. Трудовую деятельность закончил в 2010 году.

У Мухтара Картековича прекрасная семья, заботливая супруга Жанар Канушкова, которая работает врачом-офтальмологом в городской многопрофильной больнице г. Қонаев. Всего у акакала 4 детей, 5 внуков и 10 правнуков. Один из его внуков, ефрейтор Мухтаров Артур,

тически прослужили все время с момента появления на карте независимого Казахстана. Мухтар Картекович человек-легенда. Он стоял у истоков медицинского снабжения наших вооруженных сил. И благодаря ему эта воинская часть стала такой образцовой и такой известной. Он родился в большой и многодетной семье. Жизнь показывает, что именно в таких семьях рождаются и воспитываются настоящие патриоты.

Мы вместе были в США на учениях на военной базе в Сан-Антонио. Там показывали наши возможности, смотрели возможности американцев. Возвратившись в Казахстан, старались внедрить у нас передовые моменты их военной медицины. От души благодарю судьбу, что мне довелось служить вместе с таким человеком. Хочется подражать и быть похожим на него. Хочу пожелать моему коллеге долгих лет, счастья, благополучия и всего самого доброго, принимать и дальше активное участие в общественной жизни общества.

Представитель ветеранской организации полковник медицинской службы запаса Сыбанбекулы Нурлан зачитал и вручил юбиляру грамоту с поздравлениями от имени руководства ОО «Ветераны военной медицины».

Затем было поздравление пред-

НАШИ ТРАДИЦИИ

# НАУРЫЗ - НАЧАЛО ГОДА. ПРОБУЖДАЕТСЯ ПРИРОДА!

Пожалуй, впервые в жизни я побывал в таком маленьком селе близ нового города Алатау. Не мог отказать настойчивым просьбам Галины Игибаевой - нашего активного автора публикаций о родном ауле Жана Арна. И повод подвернулся значимый – празднование Наурыза.



Ближе к одиннадцати в логу перед селом всею копошились люди - каждый был чем - то занят. В больших казанах уже варились наурыз коже и плов, по соседству девушки ловко нарежали раскатанное тесто и тут же, в двух шагах, оно уже жарилось в горячем масле, превращаясь в пышные баурсаки. М-м-м... вкуснятина!

Чуть поодаль мужики разжигали мангал для шашлыка. В большом, (видимо, еще советском) титане на дровах грели воду, дымились самовары - ну какой же дастархан без чая с молоком!

А рядом женщины дружно резали морковь, лук, огурцы, фрукты, мясо – всё, что вскоре окажется на столах и в казанах.

Культработники и участники местной художественной самодеятельности готовили номера, а ведущая пыталась избавиться от фонащего звука микрофона. Подростки гоняли по полю футбольный мяч, запускали в голубое небо воздушных змеев, катались на алтыбакане, собранном из высохших стволов де-



ревьев, а зрители восседали на скамейках из досок с неровной с «вечной опорой» - железной арматуры. Всё было просто, без пафоса и по-домашнему.

К слову, оказывается, вся утварь, оборудование (клеенки, посуда, газовые горелки и т.д.) а также столы и лавки для коллективных мероприятий на селе – общие, что очень практично.

Тем временем всех зовывают на начало концертной программы, и народ стекается к импровизированной сцене без подиума. Отмечу красивые казахские наряды наших ажешек, ансамбля домбристов, певни и совсем маленьких детишек. Последние (см фото) умилили особенно.



Аксакал Исакхан ата дал бата, затем были традиционные шашу и выступления гостей. С праздником Наурыз от имени акима города Алатау поздравили председатель общественного совета и председатель комитета «Асыл ана» города Алатау Риза Саурбаева, а также ведущий эксперт КГУ «Қоғамдық келісім және даму орталығы» Габит Сембиев. Ваш покорный слуга также пожелал жителям всех благ в новом году.

После концертной программы прошли спортивные состязания. Участники соревновались в армрестлинге, перетягивании каната, лянги тебу, асық ату.

Но больше всех удивили апаш-

ки, разделившиеся на две команды, чтобы определить сильнейшую в перетягивании каната. Это стало настоящей «фишкой» всех соревнований. Никто не хотел уступать: под бодрые призывы и смех одна группа свалила соперниц, а победила дружба. Ай да апашки, ай да молодцы!

Самых активных жителей, принимавших участие в организации праздника Наурыз, наградили грамотами и подарками. Галина Каиргельдиевна, одна из лидеров женсовета, со своей стороны отметила старейшину села Назаркула Дуйсембаева, активиста Ильяса Еменова и многих, многих других, кто внес свой посильный вклад в общее дело.

Под занавес мероприятия всех жителей и гостей пригласили за праздничный дастархан, где главными блюдами были Наурыз-коже от Гульшауран и неповторимый плов от местного шеф-повара Файзидина. А как не упомянуть ароматный чай с молоком, баурсаки и сладости, которые сделали праздничный стол особенно тёплым и уютным.

Своим мнением с газетой «Алатау Ардагеры» поделилась старожил села Айткуль Тойлыбаева: «Я, пожалуй, одна из немногих, кто помнит самый первый Наурыз в нашем селе. Это был 1991 год, когда впервые разрешили проводить этот древний праздник. Народ тогда жил скромно, но представители четырёх национальностей - казхи, русские, турки и уйгуры – объединялись, чтобы дружно встретить восточный Новый год. С каждого казахского дома выделяли сурыленген ет, казы для Наурыз коже, а другие жители приносили свои национальные блюда для общего дастархана. Это было прекрасное время, прекрасные люди. Я рада, что наше начинание в селе Жана Арна 35 лет назад продолжается и по сей день, став ещё более массовым и красочным.

Поздравляю всех односельчан, всех жителей нового города Алатау, куда мы теперь относимся, с этим замечательным днём! **Наурыз мейрамы құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Жаңа жылда бақыт, береке, тыныштық, амандық, денсаулық, табыс тілеймін!**

На праздновании Наурыза в селе Жана Арна побывал **Рамазан ЕЛЕШЕВ**

НАУРЫЗНАМА - 2026

Ащыбұлақ ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының ағымдық жұмыс жоспарына сәйкес «Наурызнама- 2026» онкүндігі аясында ұлттық спорт түрлері бойынша жарыс өтті. Жарыстың ашылу салтанатында сөз сөйлеген округ әкімінің орынбасары Бурхина Кенже Мұратбекқызы, Іле ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Исаев Әмзе Әлдибекұлы қатысушыларды ұлттық спорт күнімен құттықтай отырып, оларға сәттілік тіледі.

## ҰЛТТЫҚ СПОРТ ДӘРІПТЕЛДІ

Жарысқа Ащыбұлақ ауылдық округі аумағында орналасқан жалпы білім беретін 12 орта мектептің командалары және ауыл жастары, 78460-шы әскери бөлімшенің сарбаздары қатысты.

Жарыс өте тартысты өтті. Қорытындысында «Бестас» ойыны бойынша №36 орта мектеп ко-



мандасы жеңімпаз атанса, «Асық ату» дан №18 орта мектеп командасы жеңіске жетті. «Арқан тартыста» сарбазбардың мерейі үстем болды. №53 орта мектеп командасы «Тоғызқұмалақ» ойыны бойынша чемпион атанды. Сондай-ақ «Қазақ күресі» бойынша сынға түскен Аманжол Жанбота барлық қарсыластарынан басым түсіп, жарыстың жеңімпазы «Түйе палуан» атанды. Қой көтеруде алдына жан салмаған Қазиев Аликбек жеңімпаз атанып, 1 қойды еңшіледі. Жеңімпаз, жүлдегер командалар және жекеле-



ген спортшылар округ әкімі Қасымбеков Бахтияр Кенесұлының тағайындаған бағалы сыйлықтары және медаль, мақтау қағаздарымен марапатталды. Осы спорттық іс-шараның өте жоғары деңгейде өтуіне үлкен үлес қосқан №36 орта мектептің директоры Сәкибаев Мұратқа және бас төреші Мұсақұлов Ерболға жиынғы қатысушылар ризалық алғыстарын жеткізіп, тарасты.

**Даулетбай Жамалбеков,**  
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер ұйымы төрағасы  
Іле ауданы

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

### Аса қауіпті инфекциялар

Аса қауіпті инфекциялар - кенеттен пайда болатын және тез таралатын, халықтың көп бөлігін қысқа мерзімде қамтитын жоғары жұқпалы аурулар.

Олар ауыр клиникамен жүреді және өлім-жітімнің жоғары пайызымен сипатталады. Қазіргі уақытта «аса қауіпті инфекциялар» ұғымы халықаралық ауқымда денсаулыққа аса қауіп төндіретін жұқпалы ауруларды білдіреді. Аса қауіпті инфекцияларға екі сипаттамаға сәйкес келетін адамның жіті жұқпалы ауруларының шартты тобы жатады: - кенет, тез және жаппай таралуы мүмкін; - ауыр өтеді және өлім деңгейі жоғары. Оның ішінде сибір жарасы, туляремия, Конго-Кырым геморрагиялық қызбасы, бүйрек синдромы бар геморрагиялық қызба, құтыру, листериоз, лептоспироз, бруцеллез сияқты аурулар бар. Алдын алу Бүкіл мемлекет бойынша аурулардың таралуын болдырмау үшін АҚИ профилактикалық жағдай деңгейде жүргізіледі. Алғашқы профилактикалық шаралар кешеніне мыналар кіреді: жұқтырғандарды одан әрі госпитализациялаумен уақытша оқшаулау; диагностика, кеңес шақыру; анамнез жинау; науқасқа алғашқы медициналық көмек көрсету; зертханалық зерттеулер үшін сынама материалы; байланыстағы тұлғаларды анықтау, оларды тіркеу; байланыста болған адамдарды олардың инфекциясы жойылғанға дейін уақытша оқшаулау; ағымдағы және қорытынды дезинфекцияны жүргізу. Инфекция түріне байланысты алдын алу

шаралары әртүрлі болуы мүмкін. Егер нақты қауіп төнсе, карантин енгізіледі. Таралу қауіп төнген кезде халықты иммундау жүргізіледі. Сонымен, аса қауіпті инфекциялар – бұл жұқпалылығы жоғары болатын өлімге әкелетін инфекциялар. Ең қысқа мерзімде олар халықтың көп бөлігін жұқтыруға қабілетті, сондықтан ауру жануарлармен және құстармен жұмыс істеу кезінде барлық сақтық шараларын сақтау, сондай-ақ уақтылы вакцинациялау өте маңызды. Жоғарыда аталған барлық инфекциялар үшін жеке профилактикалық негізгі шаралары:

1. Жеке гигиена ережелерін сақтаңыз: қабылдау және тарату алдында қолыңызды мұқият жуыңыз тамақ, дәретханаға, көшеге барғаннан кейін.
2. Балалардағы қолдың тазалығын қадағалаңыз, оларды жеке гигиена ережелерін сақтауға үйретіңіз.
3. Қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішу үшін ішіңіз, суындар үшін мұзды пайдаланбаңыз.
4. Сақтау мерзімі мен сақтау шарттары бар өнімдерді таңдаңыз.
5. Өнімнің жарамдылық мерзімін қадағалаңыз.
6. Көкөністер мен жемістерді ағанды сумен, ал балаларға қайнанаған сумен қолданар алдында мұқият жуыңыз.
7. Өнімдерді мұқият термиялық өңдеуді жүргізу.
8. Тамақты пісіргеннен кейін бірден тұтынған жөн.
9. Дайын өнімдерді шыбындардан қорғап, суықта сақтаңыз. Дайын өнімді белме температурасында 2 сағаттан артық қалдырмағыңыз жөн.

### Елді мекендерді санитарлық тазарту

Қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғау шараларының ішінде елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралар өте маңызды. Елді мекенді абаттандыру – елді мекен аумағындағы адамдардың өмір тіршілігіне қолайлы, салауатты және ыңғайлы жағдай жасауға бағытталған элементтер мен жұмыстар кешені.

Қалдықтар тұрмыстық, тағамдық, биологиялық, химиялық, улы, отқа қауіпті, өздігінен жанатын, тотықтырғыш, радиоактивті болып бөлінеді. Қала үшін ең көп таралған тұрмыстық қалдықтар - адам өмірінен пайда болатын қалдықтар. Оларға материалдар, жиһаз заттары, құралдар - бастапқы қасиеттерін жоғалтқан барлық заттар жатады. Қалдықтардың едәуір бөлігі тамақ қалдықтарынан тұрады – бұл адам тұтынатын тағамның қалдықтары. Санитарлық тазалаудың ерекшелігі бұл халықтың санитарлық - эпидемиологиялық әл-ауқатының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, ол қоғамдық және жеке денсаулықты, барлық аудандар мен шағын аудандарда, соның ішінде саябақтарда, скверлерде және су айдындарында жаппай демалу орындарында оңтайлы өмір сүру жағдайларын жоғары деңгейде ұстауға ықпал етеді.

Елді мекендерді санитарлық тазарту - бұл халықтың денсаулығын

сақтау мақсатында қоқыстарды жинау, жою, залалсыздандыру және кәдеге жарату жөніндегі жоспарлы, ұйымдастырылғылық, санитарлық, санитарлық-техникалық және шаруашылық іс-шаралар кешені. Елді мекендердің санитарлық және эпидемиологиялық жағдайы көбінесе тазалауды ұйымдастырудың дұрыстығына байланысты.

Жалпы пайдаланылатын орындарды тазарту мен күту жұмыстары мына жұмыс түрлерін енгізеді:

- 1) ұсақ және тұрмыстық қоқыстар мен қалдықтарды жинау мен шығару;
- 2) ірі көлемді қоқыстар мен қалдықтарды жинау және шығару;
- 3) сыпыру, жазғы мерзімде су құю және жуу;
- 4) қамыстар мен басқа жабайы өскен өсімдіктерді шабу және шығару;
- 5) қоршаулар мен шағын сәулет нысандарын жөндеу және сырлау;
- 6) қысқы мерзімде жол жүру бөлігін механикалық жинау;
- 7) механикалық жинау кезінде қарды арту және шетке шығару;
- 8) қарлы үйінділерді күтіп ұстау.

Сондықтан, біздің қаламыз таза және әдемі болуы үшін әркім табиғатқа және туған қалаға деген көзқарасы өзгерте отырып, өзінен бастауы керек!

**Н. МЕДЕТОВ,**  
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

**АЛАТАУ Ардагері**  
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі  
Алматы облыстық филиалы  
Директор:  
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

**БАС РЕДАКТОР:**  
Роза Айдарбекова  
Тел.: 8 777 251 9310

**ТІЛШІЛЕР:**  
Алтынбай Сықымбек  
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев  
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.  
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 8500  
Тапсырыс №693  
Индексі – 65472.